

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің 2018 жылғы
23 ақпандағы № 2 шешіміне
№ 1 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің 2018 жылғы
23 ақпандағы №2 шешімімен
«бекітілген»

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
ақпаратты ашу саясаты**
(2025 жылғы 16 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен)

Астана қ.

ІҚҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІҚҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу саясаты
ІҚҚ иесі	Комплаенс-қызмет
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес № 1 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді	2020 жылғы «25» қарашадағы (№ 11 хаттама)
Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес № 2 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді	2025 жылғы «16» мамырдағы № 7

Мазмұны

1-тарау.	Жалпы ережелер	4
2-тарау.	Ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттары	4
3-тарау.	Қоғамның ақпаратты ашуға жауапты қызметкерлері	5
4-тарау.	Ақпаратты ашудың түрлері мен нысандары	6
5-тарау.	Қоғамның Жалғыз акционеріне және инвесторларына ашылуға тиіс ақпарат	8
6-тарау.	Құпия ақпарат	8
7-тарау.	Ақпаратты ашу тәсілдері	9
8-тарау.	Қорытынды ережелер	11

1-тарау. Жалпы ережелер

1-тармақтың бірінші бөлігіне «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

1. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ ақпаратты ашу саясаты (бұдан әрі – Саясат) ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты міндетті түрде ашуды жүзеге асырады.

2-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді

2. Саясат ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттарын, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мен қорғаудың тәртібі мен **тәсілдемелерін**, ақпаратты ашудың түрлері мен әдістерін, нысандарын, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайды.

3-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

3. Қоғам туралы ақпаратқа Қоғам қызметінің барлық елеулі оқиғалары туралы ақпарат, соның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы, Қоғам қызметінің жоспарлары мен нәтижелері, Қоғамның Жалғыз акционері, корпоративтік басқару практикасы туралы ақпарат жатады.

4. Қоғам туралы ақпаратты ашу деп осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оның мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ашудың тиісті нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, Жалғыз акционерге/мемлекеттік органдарға/жұртшылыққа және өзге де мүдделі тұлғаларға ақпарат беру түсініледі.

2-тарау. Ақпаратты ашудың мақсаттары мен қағидаттары

5. Қоғам туралы ақпаратты ашудың мақсаттары мыналар болып табылады:

1) Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Қоғамның корпоративтік басқару қағидаттарын ұстануға деген мызғымас дайындығын растау; Қоғам туралы ақпаратты барлық мүдделі тұлғалардың назарына Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуі мүмкін әрекеттер туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемде жеткізу;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің өзінің инвестициялық және басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін маңызды ақпаратты алуға, сондай-ақ жария етілуі Қоғамға және оның Жалғыз акционеріне нұқсан келтіруі мүмкін Қоғам туралы ақпаратты қорғауға құқықтарының барынша толық іске асырылуына қол жеткізу.

6. Қоғам туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақтылығы;
- 2) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- 3) ақпарат мазмұнының шынайылығы мен толықтығы;
- 4) ақпаратты ашудың жеделдігі;
- 5) теңгерімділік.

7. Ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақтылығы қағидаты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдерін сақтау және жүйелілігі тұрғысынан Қоғамның жауапкершілігін білдіреді. Қоғам Жалғыз

акционерге, инвесторларға, мемлекеттік органдарға және барлық мүдделі тұлғаларға ақпаратты жүйелі түрде ұсынудың маңыздылығын олардың Қоғамның жалпы қызметін және іске асырылып жатқан өндірістік, инвестициялық, әлеуметтік және басқа да жобаларды түсінуінің қажетті шарты ретінде сезінеді. Ақпарат оқиганың туындау фактісіне сәйкес, оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оны көпшілікке ашудың уақтылығы ескеріле отырып ұсынылады.

8-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

8. Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты Қоғамның ақпаратты таратудың мүдделі тараптар үшін қолжетімділігі еркін, қиындықсыз болатын арналарын таңдауын, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауды ескере отырып, Қоғамның өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз етуге ниетін білдіреді.

9. Ақпарат мазмұнының шынайылығы мен толықтығы қағидаты Қоғамның Жалғыз акционерге және басқа да мүдделі тұлғаларға шындыққа сәйкес келетін және ашылатын фактіні немесе оқиганы толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпаратты ұсынудағы жауапкершілігін білдіреді. Қоғам ұсынылатын ақпараттың үшінші тұлғалар тарапынан бұрмаланбауын қадағалайды және мұндай факт анықталған жағдайда бұрмалаулар мен қателерді болғызбау бойынша шаралар қолданады.

Қоғам, егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа да шешімдер қабылдауына әсер ете алатын болса, өзі туралы жағымсыз ақпаратты ашудан жалтармайды.

9-тармақтың үшінші бөлігіне «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

Міндетті түрде ашылатын ақпараттан басқа, Қоғам ерікті негізде барлық мүдделі тараптардың Қоғам қызметін толығырақ түсінуі мақсатында өзінің ағымдағы және жоспарланған қызметі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі туралы ақпаратты, сондай-ақ басқа да ақпаратты ұсына алады.

10. Жеделдік қағидаты аса маңызды фактілер мен оқиғаларға қатысты және Жалғыз акционер мен басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін қозғайтын, соның ішінде олар тиісті шешімдер қабылдауы қажет болған кезде ең маңызды ақпаратты барынша қысқа мерзімде ұсынудағы Қоғамның жауапкершілігін білдіреді.

11. Теңгерімділік қағидаты қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпия ақпаратқа қол жеткізуді шектеу бөлігінде Қоғамның мүдделерін қатаң сақтау шартымен, мүдделі тұлғалардың ақпарат алудағы құқықтарының барынша іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында бір тараптан ашықтық пен айқындықтың, екінші тараптан құпиялылықтың ақылға қонымды теңгерімін Қоғамның қамтамасыз етуін білдіреді.

3-тарау. Қоғамның ақпаратты ашуға жауапты қызметкерлері

12-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді

12. Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы мақсатында, Қоғам ақпараттың уақтылы ашылуына/жариялануына жауапты қызметкерлерді айқындайды.

Жауапты тұлғалардың тізімі мен ашылуға тиіс ақпараттың тізбесі Қоғамның Басқарма Төрағасының **бұйрығына** сәйкес бекітіледі.

Қоғам тұлғалардың тізімін және Қоғам туралы ашылуға тиіс ақпараттың тізбесін жүргізеді және өзекті күйде ұстайды.

13-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді

13. Қоғам туралы ақпараттың уақтылы ашылуына/жариялануына жауапты Қоғам қызметкерлері ақпараттың ашылуын/жариялануын және Қоғам құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында белгіленген ақпаратты сақтау және ашу (ұсыну) тәртібіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Қоғам қызметкерлері, басқарушы қызметкерлері Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес ұсынатын ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз ету.

14-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес тармақтың редакциясында мазмұндалған

14. Сыртқы есептердің, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпараттың уақтылы ұсынылуына мониторингті Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Комплаенс-қызмет жүзеге асырады.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-1-тармақпен толықтырылды; 14-1-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді

14-1. Қоғам қызметі туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ корпоративтік Интернет-ресурста уақтылы орналастырылуы мен жаңартылуына мониторинг Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

15. Қоғам құпия ақпаратты (қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны) құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Ақпаратты ашудың түрлері мен нысандары

16. Қоғам туралы ашылатын ақпарат келесі түрлерге бөлінеді:

1) барлық мүдделі тұлғаларға ашылатын жалпыға қолжетімді ақпарат;

Құпия ақпаратты (қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны) құрайтын мәліметтерге жатпайтын ақпарат, сондай-ақ міндетті түрде көпшілікке ашылуға тиіс ақпарат жалпыға қолжетімді ақпарат деп танылады.

2) Қоғамның Жалғыз акционеріне, инвесторларға, мемлекеттік органдарға ашылуға тиіс ақпарат;

3) құпия ақпарат (қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпия).

17-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

17. Қоғам мүдделі тұлғаларға, олардың алу мақсаттарына қарамастан, осы Саясатта көрсетілген жалпыға қолжетімді ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға міндетті.

18-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

18. Масс-медиа өкілдері жүгінген жағдайда, Қоғам сұратылған ақпаратты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға міндетті.

19. Электрондық түрде құжаттар, ақпарат мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде Қоғамның интернет-ресурстарында, қаржылық есептілік депозитарийінде орналастырылады.

Жазбаша түрде Қоғам ақпаратты (құжаттарды) сұрау салу негізінде ұсынады. Бұл ретте Қоғам ақпаратты (құжаттарды) келесі тілдердің бірінде ұсынады: мемлекеттік және/немесе орыс, және/немесе ағылшын тілдерінде.

20. Ақпаратты ашу кезінде Қоғам келесі нысандарды пайдаланады:

1) жазбаша құжат, соның ішінде сұрау салуларға жауаптар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар (хабарламалар), брошюралар, Қоғам қызметі туралы есептер, Қоғам қызметкерлеріне арналған материалдар;

2) ауызша хабарлама, соның ішінде сұхбаттар, баспасөз конференциялары, Қоғам кеңсесінің ішінде және одан тыс жерлердегі кеңестер мен көпшілік іс-шаралардағы сөз сөйлеулер;

3) аудиовизуалды жазба, соның ішінде бейнероликтер, корпоративтік бейнефильмдер, радио- және телебағдарламалардағы сөз сөйлеулер немесе сұхбаттар, Қоғам кеңсесінің ішінде және одан тыс жерлердегі кеңестерде, көпшілік іс-шараларда (конференцияларда) пайдаланылатын слайдтар мен көрнекі ұсынудың басқа да құралдары;

4) электрондық тасымалдағыштарда берілетін материалдар, соның ішінде электрондық пошта, дискілер, USB құрылғылары және басқа да тасымалдағыштар.

21. Қоғам атынан ақпаратты ашуға уәкілеттік берілген тұлға Қоғамның Басқарма Төрағасы немесе ол уәкілеттік берген Қоғамның өзге де басқарушы қызметкері болып табылады.

22. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғам қызметкерлерін Қоғам атынан сөз сөйлеуге немесе нақты сұрау салуларға жауаптар дайындауға және жолдауға уәкілеттік беруге құқылы.

23-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

23. Қоғам қажеттілігіне қарай кезекті қаржылық есептіліктің жариялануына, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне және басқа да маңызды корпоративтік оқиғаларға байланысты брифингтерді (баспасөз конференцияларын) ұйымдастыруға құқылы.

24-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді;

24. Қоғам өзінің интернет-ресурсында келесі жалпыға қолжетімді ақпаратты ашады:

1) Қоғам Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Корпоративтік басқару кодексі;

3) Директорлар кеңесі туралы ереже;

4) және 5) тармақшаларға «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

4) Ақпаратты ашу саясаты;

5) Даму жоспары;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және осы есептілік бойынша аудиторлардың қорытындысы, сондай-ақ тоқсандық қаржылық есептілік;

7) және 8) тармақшаларға «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

7) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы, соның ішінде келесі мәліметтер: фотосурет (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесімен келісу бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (ол бар

болса), туған күні, азаматтығы, Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, соның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігі немесе Директорлар кеңесі Төрағасының функцияларын атқаруы, білімі, соның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алынған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқаратын басқа да лауазымдары, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне алғаш рет сайланған күні және қолданыстағы Директорлар кеңесіне сайланған күні, аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;

8) Басқарма мүшелері туралы, соның ішінде келесі мәліметтер: фотосурет (Қоғамның Басқарма мүшесімен келісу бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, соның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алынған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қосымша атқаратын лауазымдары, аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;

9) сыртқы аудитор туралы;

10) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;

11) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы, соның ішінде мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтер;

12) ірі мәмілелер туралы, соның ішінде мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы мәліметтер;

13) сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы;

14) жаңалықтар мен пресс-релиздер;

15) Қоғамға берілген кредиттік және өзге де рейтингтер;

16) Қоғамның ұйымдық құрылымы;

17) байланыс ақпараты;

18) Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес корпоративтік оқиғаларға қатысты шешімдері туралы ақпарат;

19) Директорлар кеңесінің бір жылдағы шешімдері туралы ақпарат;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқарма Төрағасының шешімі бойынша өзге де ақпарат.

5-тарау. Қоғамның Жалғыз акционеріне және инвесторларына ашылуға тиіс ақпарат

25. Жалғыз акционер мен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жалғыз акционерінің Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғам туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

26. Жалғыз акционерге келесі ақпарат ұсынылады, бірақ онымен шектелмейді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

2) Қоғам Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге де ақпарат.

27. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Қоғам Жалғыз акционерге оның жазбаша талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес ақпаратты ұсынады.

29. Жалғыз акционер сұратқан ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері ескеріле отырып ұсынылады.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционерге ұсыну үшін құжаттардың көшірмелерін дайындағаны үшін ақы алынбайды.

6-тарау. Құпия ақпарат

31. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғау бойынша шаралар қолданады.

32. Қоғамның Басқармасы құпия ақпаратты, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау, іскерлік ақпараттың жария етілуінен немесе рұқсатсыз жылыстауынан болуы мүмкін нұқсанның алдын алу, кез келген мүдделі тұлғалардың осы ақпаратты заңсыз пайдалану фактілерін болғызбау мақсатында құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

33. Қоғамның Басқармасы ашылатын ақпараттың мазмұны мен мерзімдерін дайындаудың, келісудің және бақылаудың сенімді механизмін, Қоғам құжаттарын сақтаудың тиісті жүйесін, ақпараттық ресурстардың функционалдылығы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

34-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

34. Құпия ақпаратты қамтитын құжаттармен және мәліметтермен жұмыс істеу тәртібі Қоғамның ішкі құжатымен белгіленген. Құпия болып табылатын ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Құпия мәліметтердің (ақпараттың) тізбесінде көзделген.

35. Сақтандыру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен ғана ашылуы мүмкін.

36. Құпия ақпаратты және заңмен қорғалатын құпияны сақтау барлық Қоғам қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

37. Осы Саясаттың 35-тармағы бұзылған, бұл материалдық нұқсан мен беделге нұқсан келу тәуекелдеріне әкеп соққан жағдайда, мұндай бұзушылыққа кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

38-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда мазмұндалған; 38-тармаққа «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

38. Құпия ақпараттың берілуін бақылау Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тарау. Ақпаратты ашу тәсілдері

39. Қоғам туралы ақпаратты ашуды Қоғам келесі тәсілдермен жүзеге асырады:

1) Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша ақпаратты (құжаттарды) ұсыну;

2) мүдделі тұлғалардың, Қоғамның Жалғыз акционерінің, инвесторлардың, мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша ақпаратты (құжаттарды) ұсыну;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен мемлекеттік органдарға ақпаратты (құжаттарды) жолдау;

4) Қоғамның интернет-ресурсында және Қоғамның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында ақпаратты (құжаттарды) орналастыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру;

6) тармақшаға «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді

6) Қоғам Жарғысымен айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

7) брифингтерді, баспасөз конференцияларын және бұқаралық ақпарат құралдарымен кездесулерді ұйымдастыру арқылы ақпаратты тарату;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де тәсілдермен.

40-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

40. Қоғамның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру үш тілде (мемлекеттік, орыс және ағылшын) жүзеге асырылады. Орналастырылатын ақпараттың мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіні аутентификациялық (тең түпнұсқалы) болуы тиіс.

41. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес алып тасталды

42. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес алып тасталды

43-тармақ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда мазмұндалған

43. Полиграфиялық материалдарда орналастыру үшін дайындалған ақпарат Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілік ететін басшыларымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасымен келісілуі тиіс.

44-тармаққа «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 25 қарашадағы (№ 11) шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді;

44. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде таратылатын өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында пресс-релиздерді, мақалаларды, сұхбаттарды және өзге де ақпаратты қажеттіліктің туындауына қарай, ішкі құжаттарда көзделген тәртіппен жариялайды.

Қоғамның ресми пресс-релиздері жарияланар алдында Қоғамның Басқарма Төрағасымен немесе оның орнындағы тұлғамен, сондай-ақ Жалғыз акционердің баспасөз қызметімен келісілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда, Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі дайындалған пресс-релиз мәтінінің Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына және Қазақстан Республикасының құпия болып табылатын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкестігіне қатысты түсіндірмелер алу үшін Комплаенс-қызметке және (немесе) Қоғамды құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге және (немесе) Қоғамдағы ақпараттық қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімшеге жүгінуге құқылы.

45. Ақпаратты ашу қағидаттарына сәйкес Қоғам бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру, соның ішінде келесілер арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен белсенді диалог жүргізеді:

- 1) Қоғам өміріндегі барлық елеулі оқиғалар бойынша пресс-релиздерді тарату;
- 2) баспасөз конференцияларын және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің Қоғам басшылығымен кездесулерін өткізу;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен Қоғамға түсетін барлық ақпараттық сұрау салуларға жедел әрі құзыретті жауаптар беру;
- 4) конференцияларға, семинарларға және өзге де көпшілік іс-шараларға қатысу.

46-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

46. Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі бұқаралық ақпарат құралдарында тарату үшін дайындаған жарнамалық-ақпараттық сипаттағы жарияланымдар (сұхбаттар, репортаждар, мақалалар) қызметі осы жарияланымда атап өтілетін тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысына, сондай-ақ осы құрылымдық бөлімшенің жетекшілік ететін басшысына алдын ала келісуге ұсынылуы тиіс.

47. Жарнаманы орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

48-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

48. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты үйлестіруді Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

49-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

49. Қоғамның барлық қызметкерлері Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесіне өз өкілеттіктері шеңберінде қажетті ақпаратты Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген мерзімдерде және тәртіппен алуға жәрдемдесуге міндетті.

50-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

50. Бұқаралық ақпарат құралдарымен ақпараттық алмасуды бұқаралық ақпарат құралдарынан түсетін сұрау салуларды өңдеуге, бөлуге және үйлестіруге жауапты болатын Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

51. Бұқаралық ақпарат құралдарынан сұрау салу түскен кезде жауапты бөлімше немесе Қоғам қызметкері өзінің жетекшілік ететін басшысымен, ал Қоғамның имиджіне әсер ете алатын аса маңызды сұрау салу жағдайында — сондай-ақ Басқарма Төрағасымен сұрау салу тақырыбын келісе отырып, жауапты қалыптастырады. Жауапты дайындау үшін, қажет болған жағдайда, Қоғамның тиісті бөлімшелері тартылуы мүмкін.

52-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

52. Қоғам қызметінің мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен кез келген өзара іс-қимыл жасауға Басқарма Төрағасының немесе Қоғамның жетекшілік ететін басшысының рұқсатынсыз барлық қызметкерлерге, Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін қоспағанда, тыйым салынады.

53. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайтын Қоғам қызметкерлері Қоғамның Іскерлік әдеп кодексін сақтауға тиіс.

54-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

54. Қоғам қызметкерлеріне электрондық және баспа басылымдарында, әлеуметтік желілерде және Интернет блогтарында жарияланатын расталмаған ақпаратқа қатысты кез келген сұрау салуларға немесе сұрақтарға түсініктеме беруге тыйым салынады. Расталмаған ақпаратқа түсініктеме беруді жетекшілік ететін басшымен алдын ала келіскеннен кейін Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыруға құқылы.

55. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес алып тасталды

56-тармақ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес редакцияда мазмұндалған

56. Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі электрондық және баспа бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ әлеуметтік желілерге жүйелі түрде мониторинг жүргізеді. Қоғамның қызметіне және (немесе) оның қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына қатысты жағымсыз ақпарат анықталған кезде, Қоғамның ақпараттандыруға және коммуникацияға жауапты құрылымдық бөлімшесі бір жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бұл туралы жетекшілік ететін басшыны, Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесін және Комплаенс-қызметті хабардар етеді.

8-тарау. Қорытынды ережелер

57. Осы Саясаттың нормаларын Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті. Осы Саясаттың талаптарын бұзғаны үшін Қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

58. Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысы өзгерген жағдайда, осы Саясаттың нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 07 шешіміне сәйкес 59-тармақпен толықтырылды

59. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.